

Патриот болу - Қазақстанды жүрегінде сақтау

Изенді үлгілі ауыл кітапханасында оқырмандар мен қызмет атқарушы азаматтар арасында Мемлекеттік рәміздер күніне арналған «Патриот болу - Қазақстанды жүрегінде сақтау» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Халқымыздың бастан өткерген тарихының әр

бөлігі. Рәміздер арқылы елімізді бүкіл әлем таниды. Қазақ халқының бастан өткізген тарихы, мәдениеті мен дәстүрі көрініс береді. Жастардың отансүйгіштік сезімін оятады, патриотизмге үндейді, батылдылыққа тәрбиелейді.

Іс-шара кезінде қатысушыларға кітапханашы А.Е. Бердешева мен Мәдениет үйінің



беті бізге қымбат. Бүгінгі күн осыдан 27 жыл бұрын Президент Қазақстанның Туы, Елтаңбасы және Әнұранының заңнамалық мәртебесін белгілейтін тұңғыш заңға қол қойды.

1992 жылдың 4 маусымы - ел тарихындағы ерекше мәртебелі күн болып, тарихта қалары ақиқат. «Біз Тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол Тәуелсіздіктің қасиетті рәміздерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сын-налар бір тұсы - осы», - деген еді Елбасы мемлекеттік рәміздерге қатысты сөйлеген сөзінде. Мемлекет басшысының осы сөздерін қазақстандықтардың барлығы жүрек түкпірінде сақтап, әркез жадында ұстаған жөн. Мемлекеттік рәміздерсіз тәуелсіз ел болмайды, себебі олар - ел дамуының ажырамас

меңгерушісі А.ҚАбильдинова тақырып бойынша ақпарат берді. Ауыл әкімі С.Қ.Бердешева қатысушыларды құттықтап, жылы лебізін білдірді. Қатысушылар: Шокембаев Б.А., Сафуллина Н., Уайдильда Н.Ө., Башаева Ш.Қ., Құдайбергенова Р.С., Сулейменова Ә.Қ., Қасымова Б.Б., Лепякво Е.М., Қабдолла Т., Омарова С., Әбділда Қ. өз ойларын еркін жеткізе білді. Қойылған сауалдарға толық жауап алынды.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу елді, халықты, тарихты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қастерлеу болып табылады. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу - тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиеті борышы деп білеміз.

А.Е. Бердешева, Е.М. Лепякво
Изенді үлгілі ауыл кітапханашылары